

«Болашақ» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Болашақ
Бөбекжайы

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз!»

Өткізген: Абенова Г

2026 жыл

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру. Балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт – дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Зал іші мерекеге сай безендірілген.

Әуен қосылады, ортаға: ата, әже, келін кішкентай баласымен кіреді. Келген қонақтармен көріседі.

Ата: Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын,

Қайда жүрсең жол болсын!

Әуелі Құдай ондасын, оң жағынан қолдасын,

Кетпес ырыс берсін, кең пейіл берсін!

Баршаңызға келіп жеткен Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы құтты болсын!

Әже 1: Наурыз келсе, құт келгені, халайық! Наурыз – көктемнің келуін, табиғаттың жаңаруын білдіретін ерекше мейрам. Бұл күні күн мен түн теңесіп, жер беті жаңарады, жаңа жыл басталады.

Әже 2: Иә, Наурыз мерекеміз жаңа жылымыз құт – береке әкелсін!

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар! Бүгін ауылымызда Наурыз мерекесін бірге қарсы алмақшымыз. Мерекені тойлауға ортаға, бүлдіршіндерімізді шақырайық.

Ал халайық тұрмайық

Өндетейік жырлайық

Күмбірлесін әсем күй

Құлақ түріп тыңдайық

Ырыс тілеп бұл жылға

Жырдан шашу шашайық

Ән: «Көктем»

Персонаж: Әуенмен Көктем аруы кіреді

Жүргізуші: Қош келдің Көктем аруы төрлетіңіз. Біздің балалардың өнерін бірге тамашалаңыз. Жарқыраған жайма шуақ көктем. Тіршіліктің жанданып, табиғаттың жаңаратын айы. Ортада, бүлдіршіндеріміздің көктем мезгіліне арналған, әсем такпақтарына кезек береміз

Имран:

Көктем келді, балақай,

Жасарды жер, алақай.

Наурыз тойын тойлайық,

Әсем әнге салайық.

Ділдә:

Көктем келді жадырап,

Балабақша мәз болып,

8-наурыз тойында,

Аналарды шақырып

Айзере:

Көктем болды алақай,

Қуанар барлық балақай.

Көктемде жанбыр болады.

Бақшаға гүлдер толады.

Санжар:

Көктем келді жеріме,
Бак әкелсін еліме.
Күн күлімдеп көгімде,
Шуақ шашсын төгіле.

Мейірбек:

Бүршік жарып ағаштар.
Құстар ұя салады,
Сылдыраған бұлақтар
Ағып бара жатады.

Жүргізуші:

Қызғалдақтай жайнап өскен,
Біздің топтың ұл-қызы
Әнші де бар, биші де бар,
Шет шетінен өнерлі дей келе кезекті «**Наурыз**» биіне береміз.

(Ділдә-Санжар, Алуа-Мейірбек, Әлима-Мұзаффар, Асима-Жаксылық, Айназ-Мейіржан)

Персонаждар келеді: Бай мен Алдар көсе.

Бай: Мені Алдар көріп қоймасын. Менің үстімдегі әдемі шапанымды сұрап жүр.
Алдар көсенің әні қосылады.

Алдар көсе: Әй, байеке сен қашып, осында келген екенсің ғой?! Маған әдемі шапаныңды беретін болдың ба? Менде әдемі шапан киіп, Наурыз мерекесін тойлағым келеді.

Бай: Жоқ, қайдан беремін. Бере алмаймын. Болсада бермеймін. Жалғыз шапан өзімде.

Алдар көсе: Ой, сараң десе сараң екенсің! Сараңдығың ұстап, бір шапаныңды бере алмадың...

Ата: - Бұл не деген дау? Наурыз мейрамында ұрыс – керіс болмауы керек ғой! Наурыз ырыс – берекеге толы ай. Бұл күні Байеке, дау – жанжалдың болғаны жарамас.

Әже: - Даудың басы шапаннан басталған сыңайлы. Алдаржан қонаққа келіп қалған екен, әдемі шапанды тарту етсек қайтеді?!

Персонаждар бірге: «Иә, әрине!»

Алдар көсеге шапан сыйға беріледі.

Алдар көсе: - Байеке, енді менде де әдемі шапан бар! Менінде сендер секілді, керемет көңіл – күйде, Наурыз мейрамын тойлауыма болады.

Алдар көсе қуана: - Балалар қанекей айтыңдаршы, кімге көбірек жарасады?! Маған көбірек жарасатын тәрізді.

Бай: - Кәне, Алдаржан! Мерекеде жанжалдасқанымыз жарамас, татуласайық! Төс қағысып көрісіп, құшақтасады.

Жүргізуші: Наурыз мерекесіне арналған, бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек береміз.

Тілеуберді:

Уа,ағайын халайық
Мұнда назар салайық,
Мерекесі халықтың
Наурыз тойын бастайық.

Айназ:

Наурыз тойы - елдің тойы,
Көктем тойы - төлдің тойы.
Ән айтатын күні бойы
Жақсы көрем Наурыз тойын!

Айназ А:

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегінді ақтаймын
Аман болшы анашым

Мейіржан:

Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Жүргізуші: Жолдас болмай, жол болмас,

Көп жиылмай, қол болмас.

Иесі кең даламның

Мен, балаңмын!

деп, кезекті ұлдарымыздың биіне береміз.

Би: «Асық»

Ойын: «Ата-анамен»

Жүргізуші: Кезекті ойынға береміз. Ортаға ата-аналарды шақырамыз

Жүргізуші: Наурыз көктем

Әкелді таңның шуағын,

Наурыз көктем,

Әкелді таудың бұлағын. Дей келе келесі кезекті тақпақтарға береміз

Мұзаффар:

Наурыз келді алақай,
Кел билейік балақай,
Бізде қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық!

Раяна Й:

Наурыз тойы — тамаша,
Наурыз тойы — жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Ахмади:

Той думанға келіңіз,
Тамашалап көріңіз,
Ән айтайық бәріміз,

Қол соғайық бәріміз!

Жаксылык:

Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсың халайық!

Қане, достар, қане, достар,

Шырқап әнге салайық.

Жүргізуші: Мың бұрала, айнала,

Қуанышпен толсын дала.

Көктем нұрын шашып билеп,

Қыздарың келді ортаға

деп, қыздарымыздың әсем биіне кезек берейік.

Би: «Текемет»

Жүргізуші: Күй нөсерін төгейік

Жырдан моншақ өрейік

Уа, жамағат ал енді

Әнге кезек берейік

« Наурыз мереке» әнімен бүлдіршіндерімізді қарсы алыңыздар

Қорытынды:

Береке мен бірліктің,

Мерекесі бұл – Наурыз.

Қуанышқа толы боп,

Жайнасын барша жүз.

Бүгінгі «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» атты мерекелік ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Назарларыңызға рахмет!

